


Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы
білім бөлімінің «Қарлығаш» бөбекжайы КМКҚ

Моториканы, сөйлеуді, танымдық дағдыларды
дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар

Кожухметова
Роза
Аргыновна



Мазмұны:

I. Кіріспе

- Мақсат , міндеті.

II. Негізгі бөлім

- Кіріспе. Ойын – ойды өсіреді.
- Дидактикалық ойындардың тәрбиелік мәні.
- Сөздік қорын

дамытуда қолданылатын дидактикалық ойындар

III. Қорытынды.

IV. Қолданылған әдебиеттер



Мақсаты:

Балаларға дидактикалық ойын элементтерін үйрету арқылы, ой — өрісін дамыту.
Жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, оқушыларды адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Баланың ойын ұштай түсіп, ұстамдылыққа, еңбектене білуге тәрбиелеу.

Балалардың сөздік қорларын молайту, ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

- балалардың дидактикалық материалдарды қалыптастыруда ойлау қабілеттерін арттырып, ақыл — ойын дамыту;
- дидактикалық материалды түсіндіру кезінде күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, тақырыпқа сай тәрбиелеу;
- шығармашылықпен байланысты практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту.

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағын ан сондай болады».

А.С.Макаренко



Ойын – ойды өсіреді.

Ойын балалардың негізгі іс — әрекеті ретінде психологиялық , анатомиялық — физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызметер атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады».

Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталды. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

Заттық дидактикалық ойындар –

дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырлады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.

Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырлады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.

Сөздік дидактикалық ойындар.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Ойынды ұйымдастыру үш
бағытты қамтиды

ойынға
әзірлік

ойынды
өткізу

ойынды
талдау

Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері беріледі, балалар ойланады. Мысалы, бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай, кубиктерді түсін е қарай топтастыр, қане «сен көк кубиктерді әкелші», «үстелге апарып қойшы» т.б. бұл жерде балалар кеңістікті бағдарлауды үйренеді.



Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.



Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін тереңдету үшін «Жалпы қалай аталады?», «Жалпы атауын бер», «Жеке – жеке атын ата» сияқты дидактикалық ойындар ұйымдастырылады. Мысалы: кесе, қасық, тарелка, шанышқы – «ыдыс- аяқтар», алма, алмұрт, шие- жемістер, қияр, картоп, сәбіз, қызылша- көкөністер т.б.



Мысалы: Қоян қорқып тұр. Қоян адасып кетті. Оны орманда тиіндер тауып алды. Барлығы қуанды. Оны дауыс ырғағымен, қуану, ренжу, жылау т.б салуға, сол арқылы адамның көңіл – күйін түсінуге аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиеленеді.



Дидактикалық ойындар.

Ойын: «Қажет суретті тап»





Ойын: «Кімде мына түстес зат бар?»

Ойын ережесі: (Тәрбиеші – жасыл түсті затты көрсетеді) Кім табады? деп сұрақ қояды.


Балалар жасыл түсті затты атайды. Мысалы: шөп, жапырақ, қияр т.б.





Ойын : «Формасы ұқсас заттарды тап»





Ойын : «Қай ағаштың жапырағы»





Ойын : «Қайсысы көп, қайсысы аз»




Ойын : «Суретті құрастыр»



Ойын : «Қайдай заттар тығылған?»




Ойын : «4-ші не артық?»




Ойын : «Ұқсасын тап»





Ойын : «Кім байқағыш»



Ойын : «Көлеңкесін тап»



Ойын : «Төлін тап»



Қорытынды

Қорыта айтқанда , баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардың мақсатына сәйкес шарты нақты көрсетіледі. Бұл ойындарды оқу іс-әрекетінде және оқу іс-әрекетінен тыс уақытта

пайдалану арқылы баланың тілін дамытумен қатар ойында өз шығармашылығымен жалғастыруға, ойын шартын дұрыс орындауға, белгілі бір нәтижеге жетуге, ұжымдық мақсатқа бағынуға, үлкендер мен балалар арасында ынтымақтастық қарым – қатынас орнатуға болады.

Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Пайданылған әдебиеттер

1. «Отбасы және балабақша» 2002 ж №5. (6-8 бет)
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
3. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж ,№ 4 2008 ж
- 4 «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата Жалын» 1987 г.